КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 11 қараша № 1013-24-00-2/2486 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Балғабеков
оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Asylym» Сахова Эльмира Нурлановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Asylym» Сахова Эльмира Нурлановнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Asylym» Сахова Эльмира Нурлановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Asylym» Сахова Эльмира Нурлановнадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Asylym» Сахова Эльмира Нурлановнадан «Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 8 550 (сегіз мың бес жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Asylym» Сахова Эльмира Нурлановнадан мемлекеттік кірісіне 257 (екі жүз елу жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облысы сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым, наразылық – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **С. Балғабеков**

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 14.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.12.2024, судья Сыздыков К. С., 24.12.2024

1013-24-3-1/2465